ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
Ш Е Ш І М

2025 жылғы 10 қаңтар №2301-24-00-2/3846 Атырау қаласы

Атырау облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты құрамында: төрағалық етуші судья А.Е.Султангалиева, оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қойылған талап бойынша азаматтық істі қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
«Атырау облысы Су Арнасы» коммуналдық мемлекеттік кәсіпорны

ЖАУАПКЕР:
жеке кәсіпкер Аида Кенжебайқызы Нүсіпбек

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАПТАРЫ:

1. Мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану
2. Тұрақсыздық айыбын өндіру туралы

ҚАРАР БӨЛІГІ:

АПК-нің 117, 267-4, 223-226, 229 баптарын басшылыққа ала отырып, сот

Ш Е Ш І М Е Т Т І:

«Атырау облысы Су Арнасы» коммуналдық мемлекеттік кәсіпорнының жеке кәсіпкер Аида Кенжебайқызы Нүсіпбекті мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану және 4 198 теңге тұрақсыздық айыбын өндіру туралы талап қоюы – қанағаттандырылсын.

Жеке кәсіпкер Аида Кенжебайқызы Нүсіпбек мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп танылсын.

Жеке кәсіпкер Аида Кенжебайқызы Нүсіпбектен мемлекет кірісіне 1846 (бір мың сегіз жүз қырық алты) теңге мемлекеттік баж өндірілсін.

Жеке кәсіпкер Аида Кенжебайқызы Нүсіпбектен «Атырау облысы Су Арнасы» коммуналдық мемлекеттік кәсіпорнының пайдасына 4 198 (төрт мың бір жүз тоқсан сегіз) теңге тұрақсыздық айыбы және 126 (жүз жиырма алты) теңге мемлекеттік бажға төленген сот шығыны өндірілсін.

Жауапкер оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен шешім шығарған сотқа сот шешімінің көшірмесін алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде осы шешімнің күшін жою туралы арыз беруге құқылы. Арыз, егер жауапкер талап қою арызының келіп түскені және оның оңайлатылған

Құжатқа қол қойылған: Султангалиева А. Е., 12.01.2025
Заңды күшіне енген күні: 17.02.2025, судья Султангалиева А. Е., 18.02.2025
2301-24-3-1/4171

(жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қаралатыны туралы тиісті түрде хабарландырылмаған және пікірді, сондай-ақ шешімнің мазмұнына әсер ете алатын дәлелдемелерді ұсына алмаған жағдайда беріледі.

Шешімге Атырау облыстық сотының азаматтық істері жөніндегі сот алқасына апелляциялық шағым, прокуродың өтінішхаты Атырау облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы – осы шешімнің күшін жою туралы арыз беру мерзімі өткеннен кейін, ал егер арыз берілген жағдайда, сот осы арызды қанағаттандырудан бас тарту туралы ұйғарым шығарғаннан кейін бір ай мерзімде апелляциялық шағым берілуі, прокурор апелляциялық өтінішхат келтіруі мүмкін.

Судья А.Е.Султангалиева

Көшірмесі дұрыс. Судья А.Е.Султангалиева

Құжатқа қол қойылған: Султангалиева А. Е., 12.01.2025

Заңды күшіне енген күні: 17.02.2025, судья Султангалиева А. Е., 18.02.2025

«ТӨРЕЛІК» АҚПАРАТТЫҚ ЖҮЙЕСІ
Сот өндірісі
ИНФОРМАЦИОННАЯ СИСТЕМА «ТӨРЕЛІК»
Судопроизводство